

Келісемін: Мәжі
“Аяна” жеке мектепке дейінгі білім беру
мекемесінің әдіскері: Ж.А.Елемесова.

“Жас дизайнер” (байқау)



Орындаған: Нурғалиева Д.А

«ЖАС ДИЗАЙНЕР» САЙЫСЫ

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Тігінші мамандығына қызығушылығын ояту.

Қайырлы күн, қонақтар және өнерсүйер көрермендер!

Бүгін біз сән мен шығармашылықты, қиял мен шеберлікті тоғыстырған ерекше сайысқа жиналып отырмыз. Бұл — «Жас дизайнер» атты шығармашылық сайыс! Дизайн — бұл тек киім тігу емес, бұл — ой, стиль, талғам және еңбек. Бүгінгі сайысымызда өз қиялымен, еңбегімен ерекшеленген жас дизайнерлер өз өнерлерін ортаға салады.

Қазылар алқасымен таныстыру

Ендеше, бүгінгі қазылар алқасымен таныс болайық:

1. _____
2. _____
3. _____

Құрметті қазылар, әділ бағаларыңыз бен құнды пікірлеріңізге алдын ала алғысымызды білдіреміз!

Қатысушыларды таныстыру (сән көрсетілімі)

Құрметті көрермендер!

Қатысушыларымызбен таныс болыңыздар:

1. Асқар Балназым _____
2. Айдарова Шырын _____
3. Андрющенко Мелисса _____
4. Сабыржан Аянұр _____

Әрбір қатысушы — өзіндік стилі мен көзқарасы бар жас дизайнер! Ал енді, осы өнерге қызығушылығы бар жас дизайнерлеріміздің сайысын бастауға рұқсат етіңіздер!

САЙЫС КЕЗЕҢДЕРІ

Дизайнер мамандығы туралы түсінік (слайдпен)

Құрметті көрермендер, сайысымызды бастамас бұрын, «Дизайнер деген кім?» деген сұраққа қысқаша тоқтала кетейік.

(Слайд көрсетіледі)

Дизайнер — бұл сән бағытын қалыптастыратын, киімнің үлгісін ойлап тауып, матаны тандап, оған жаңа өмір сыйлайтын шығармашылық иесі.

Дизайнер болу — талғам, төзімділік, еңбек және қиялды талап ететін мамандық.

Дизайнер қандай материалдар қолданады?

Дизайнерлер: Мата, жіп, ине, түйме, лента, моншақ, қағаз, картон сияқты материалдарды қолданады. Сақтық шаралары. Дизайнер жұмыс істегенде: инені абайлап ұстайды, қайшымен жай кеседі, бір-біріне кедергі жасамайды, жұмыс орнын таза ұстайды. Өйткені қауіпсіздік — ең маңыздысы.

Ертегі кейіпкерлерінің киімдері неден тұрады?

Ертегі кейіпкерлері:

Ертегі кейіпкерлерінің киімдері әдемі және ерекше болады.

Ханшайым әдемі көйлек киеді, басына тәж тағады.

Батыр сауыт киіп, белдік тағады.

Сиқыршы ұзын шапан киіп, басына қалпақ киеді.

Олардың киімдері түрлі түсті матадан тігіледі. Киімдерге әшекейлер тағылады. Пішіндері ерекше болады, сондықтан ертегі қызықты көрінеді.

Ұлттық киімдер неден тұрады?

Ұлттық киімдер — ата-бабамыздан қалған киімдер.

Олар: шапан, камзол, көйлек, тақия, сәукеле.

Ұлттық киімдер ою-өрнекпен әшекейленеді. Олар матадан, жіптен, моншақтан жасалады. Ұлттық киімдер өте әдемі және ерекше болады.

I кезең. «Дизайн әлеміне саяхат»

Бұл кезеңде қатысушылардың дизайн, сән, тігін өнері туралы білімдері сыналады.

Кезең екі сұрақ-жауап ойынынан тұрады:

– 1-ойын — 1 балл

– 2-ойын — 1 балл

Жалпы ұпай — 2 балл.

(Сұрақтар қойылады)

II кезең. «Шығармашылық шеберхана»

Ең қызықты әрі жауапты кезең! Бұл кезеңде қатысушылар берілген тақырып бойынша өздері шығармашылық жұмыстарын орындайды. (мата, түйме, фетр матасы, пакет, өрнек элементтері, қағаз, картон және т.б.)

Қатысушылар тапсырманы бастамас бұрын қай тақырыпта жұмыстанатындарыңызды анықтайық. (қазылар алқасының алдынан тақырыпты таңдап алады)

Бағалау критерийлері:

– Тақырыптың сақталуы — 5 балл

– Материалдардың қолданылуы — 5 балл

Жалпы — 10 балл.

Бұл кезеңге 15 минут уақыт беріледі.

Қатысушылар жұмыс жасап жатқан кезде, көрермендерге арналған музыкалық үзіліс!

Қарсы алыңыздар, Күншуақ тобы «Тігінші» әнін орындайды

Ойын. "Дизайнерге" қажетті құралдарды тап.

III кезең. «Жас дизайнер таныстырады»

Қазір біздің қатысушы қыздарымыз шағын сән көрсетілімін ұсынады.

Бұл кезеңде әр қатысушы өз жұмысын таныстырып, идеясын, қолданған материалдарын түсіндіреді.

Бағалау — 5 балл.

Қорытынды сөз: Құрметті қазылар алқасы, сайыс қорытындысын шығарып марапаттайды.

Қатысқан қыздарымызға шығармашылық табыс, көрермендерге — жылы қолдау көрсеткендеріңіз үшін алғыс айтамыз!